

Тестілеу педагогтың кәсіби сапасын бағалау құралы ретінде

Тамара Лахтина

*«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ,
«Педагогикалық өлшеулер орталығы» филиалы*

Түйінді сөздер: педагогтардың кәсіби сапасы, бағалау мақсаттары, тестілеу тапсырмаларының мақсаты, тестілеу тапсырмаларының түрлері, тәжірибелік-бағдарлық тапсырмалар, тестілеу рәсімдерін жетілдіру

Зерттеу мақсаты: тестілеу арқылы педагог қызметкерлердің кәсіби және маңызды кәсіби тұлғалық қасиеттерін бағалаудың талаптары мен объективті бағалау механизмін анықтау

Міндеттері:

- тестілеу үдерісінде тікелей немесе жанама түрде көрінетін педагогтардың кәсіби маңызды қасиеттерін жіктеу
- педагогтардың танымдық саласына байланысты жеке тұлғалық сапасы қасиеттері қандай типті тапсырмалармен бағаланатынын көрсету
- бақылау барысы көрсеткен маңызды кәсіби қасиеттерінің (сапасының) көрінген/көрінбеген көріністерінің нәтижесімен таныстыру

Педагог қызметкерлердің сапасы

❑ Когнитивті


- білу және түсіну;
- талдау, жинақтау, ақпаратты сыни бағалау;
- өмір бойы оқуға деген қабілеттілік, жаңа идеялар мен интерпритацияларға құштарлық.

❑ Әлеуметтік

- өздігінен және ынтымақтастықта жұмыс істей білу;
- өзін-өзі ұйымдастыру, өзін-өзі реттеу, кез-келген жағдайға бейімделе білу қабілеті;
- шешім қабылдау қабілеті, оның ішінде дәстүрлі емес шешімдер.

❑ Аффективтік

- эмоционалдық тұрақтылық;
- сабырлық;
- эмпатияға қабілетті.



Когнитивті дағдыларды бағалауға арналған тест түрлері

- ▶ терминдерді, түсініктерді, фактілерді, теорияларды білу – осы мақсат үшін, әдетте, көптік таңдау тапсырмалары пайдаланылады
- ▶ бірізділікті дұрыс анықтауға берліген тапсырманы оңтайлы орындау үшін – үдерістер мен рәсімдерді білу (мысалы, іс-әрекет немесе ойлау операцияларының алгоритмі)
- ▶ білімін тәжірибеде қолдану қабілеттілігін анықтау

• терминдерді, түсініктерді, фактілерді, теорияларды білу – осы мақсат үшін, әдетте, көптік таңдау тапсырмалары пайдаланылады

N есімді жас маман тұлғалық теорияны жақсы меңгерген. Бұл оған әр оқушы туралы көзқарас қалыптастыру үшін көмектеседі. Шульманның теориясы бойынша берілген мысал қай компоненттің көрінісі болып табылады:

- A. Оқытудағы әдіс пен тәсілдер
 - B. Ойлау образы
 - C. Кәсіби түсінік
 - D. Кәсіби-адамгершілік тұтастық
 - E. Практикалық оқыту дағдылары
- Дұрыс жауабы: C

A. есімді оқушы мектепті үздікке аяқтап, танымал техникалық ЖОО түсуді жоспарлайды. Бұл мысал, дарынды және талантты оқушы сипаттамасын суреттейді (Макэлпайну и Риду бойынша)


- A. сыни ойлау
 - B. оқуға деген уәжін
 - C. қоғамдық көшбасшылық
 - D. дербестік
 - E. техникалық тапқырлық
- Дұрыс жауап: B

терминдерді, түсініктерді, фактілерді, теорияларды білу – сәйкестікті анықтауға берілген тапсырмалар арқылы білім жүйесінің болуын анықтау мүмкіндігі туады

Бағалау кезеңдері мен тәжірибе кезіндегі мысалдар арасында сәйкестікті орнатыңыз:

1) қорытынды	А) мұғалім оқушының жазба жұмысының қаншалықты критерийлерге сай келгенін анықтайды
2) интерпретация	В) бақылау жұмысына баға қоюда мұғалім шешім қабылдайды
3) бақылау	С) мұғалім оқушының тақтаға шығып теорема қорғап жатқанын тыңдайды

Дұрыс жауап: 1В, 2А, 3С



Бірізділікті дұрыс анықтауға берліген тапсырманы оңтайлы орындау үшін – үдерістер мен рәсімдерді білу (мысалы, іс-әрекет немесе ойлау операцияларының алгоритмі)

Тәжірибенің нақты жай-күйін зерттеудің дұрыс бірізділігін анықтаңыз («Тиімді ментор» Иган модели бойынша)


- A. проектiнi талдау
- B. проблема анықтау
- C. неғұрлым өзектi проблемаларға зейiндi шоғырландыру

Дұрыс жауап: 1A, 2B, 3C

Оқыту пирамидасы элементтерінің дұрыс реттілігін анықтаңыз (кемінен неғұрлым тиімдіге)

- A. көрсету
- B. талқылау
- C. білім беру
- D. тәжірибе
- E. оқу

Дұрыс жауап: 1E, 2A, 3B, 4D, 5C



- **Үдерістер мен рәсімдерді білу – көптік таңдау тапсырмалары арқылы да бағалауға болады**

3 адамнан тұратын мұғалім тобы Сабақты зерттеуді жоспарлады. Бір мұғалім сабақ өткізіп, қалған екеуі бақылап, жазулар жүргізді. Одан соң бірлескен талқылау мен талдау болды. Олардың келесі әрекеттері қандай?

- ▶ басқа топпен сабақты зерттеуді жүргізу
- ▶ желілік қоғамдастық жоспарын дайындау
- ▶ оқушыларға ұсынымдар дайындау
- ▶ келесі сабақ мақсаттарын қою
- ▶ бүкіл мектеп негізінде зерттеу жүргізу

Дұрыс жауап: D

Білімін тәжірибеде қолдану қабілеттілігін анықтау

Үдерістер мен қызмет мазмұны арасындағы сәйкестікті орнатыңыз

1) әс-әрекеттегі зерттеу	A) Үш мұғалімнен тұратын мұғалімдер тобы әріптесінің жоспарлап өткізген сабағын талдайды
2) сабақты зерттеу	B) Мұғалім әріптесінің сабағын бақылағаннан кейін оқыту мен оқу үдерісін жетілдіруге бағытталған кеңестер береді
3) коучинг	C) Мұғалім әріптестер тобын топтық және жұптық жұмысты ұйымдастыруға үйретеді
4) менторинг	D) Мұғалім өз сыныбында проблеманы анықтап, өз тәжірбесіне өзгерістер енгізіп, алған нәтижелерге талдау жасады.

Дұрыс жауап: 1D, 2A, 3C, 4B

Бағалау мақсаттары мен оны жүзеге асыру мысалдары арасында сәйкестікті орнатыңыз

1) Стандарттарды бақылау және орындау	A) Өнер мектебіне түсердегі тыңдалым
2) Кері байланыс жасау	B) Жылдық қорытынды бойынша тестілеу
3) Болжау іріктеу	C) Мұғалімдер мен оқушыларға олардың жетістіктері мен дамуы туралы хабарлау

Дұрыс жауап: 1B, 2C, 3A

Білімін тәжірибеде қолдану қабілеттілігін анықтау

Менторинг үдерісі барысындағы шешілетін міндеттер мен ментордың шешетін сұрақтары арасындағы сәйкестікті орнатыңыз

1) Стратегиялық аспектіде кәсіби ноу-хауды жалпылау

**A) - Өз тәжірибеңізде қандай кедергілер бар?
B) - Оны қалай шешуге болады?**

2) Тәлім алушыларға проблеманы шешуге және талдау жасауға мүмкіндік беру

B) – Сіздің ойыңызша өз тәжірибеңіздің неғұрлым табысты және бірегей тұстары неде?
- Сіздің педагогикалық тыбысыңыз болашақ тәжірибеңізде кәсіби дамуға қалай көмектеседі деп ойлайсыз?

3) Тәлім алушыға нақты қолжетерлік мақсат қоюға жәрдемдесу

C) – Өз тәжірибеңізде нені өзгерткіңіз келеді?
- Сіздің жоспарлағаныңызды жүзеге асыру үшін қандай жағдай қажет?

Дұрыс жауап: 1B, 2A, 3C

Ұсынылған тәжірибелерді халықаралық тәжірибелермен салыстыру ETS (АҚШ) сайтынан тапсырма үлгісі ETS тест тапсырмаларын жіктеу:

базалық дағдылардағы тесттер, мазмұнын білуге бағытталған тесттері, кәсіби білім тесттері

Мұғалім оқушыларға бұл сценарийді ұсынады және жағдайдың этикалық негіздерін талқылауды сұрайды.

Боб өз анасынан жолға 40 доллар сұрайды. Егер ол өзінің 20 долларын қосса, анасы өзінің 20 долларын беретінін айтты. Жол жүруге 1 апта қалғанда Боб анасынан 30 доллар сұрайды, себебі ол тек 10 доллар ғана жинай алды. Анасы 30 доллар береді. Кейін Боб өз әпкесіне өзінде 20 доллар болып тұрып, қалталық ақша қалтыру үшін анасын алдағанын айтады. Бобтың әпкесі не істеу керек?

Кохлберг бойынша, 4 деңгейге сай оқушы әпкесіне төмендегілерді істеуге кеңес береді:


- A) болашақта әпкесіне өз құпиларын айтпайтын болса, әпкесі анасына да айтпайды деп келісу
- B) анасына айту, өйткені шындық айқындалса, ол да сазайын тартады
- C) Бобқа анасына барып шындықты айтқызу, өйткені өтірік айтуға болмайды және оның бұл қылығы дұрыс емес
- D) Бобқа өз кінәсін барып мойындауға көндіру, өйткені ол өз істеріне жауап беру керек.

Бақылау қорытындысы

Танымдық дағдылар	<i>дағдылар бар</i>	<i>дағдылар жоқ</i>
Білу және түсіну	Нұсқаулықты сөзбе-сөз қайталайтын және мазмұны өзгертілген сөз тіркестері бар мәтіндерді қаталайтын тапсырмаларды орындайды	жинаған балл саны шекті деңгейге жетпейді
талдау, жинақтау, ақпаратты сыни бағалау	тек ақпаратты механикалық есте сақтауға негізделген тапсырмаларды емес, белгілі бір логикалық ойлауды қажет ететін тапсырмаларды да орындайды	Нұсқаулық мәтінін сөзбе-сөз қайталайтын тапсырмаларды ғана оңай орындайды, өзгертілген сөз тіркестері бар тапсырмаларды орындауға қиналады
өмір бойы оқуға деген қабілеттілік, жаңа идеялар мен интерпритацияларға күштарлық	қажет дағдыларды меңгереді (мысалы, онлайн тестілеудегі АҚТ), жас ерекшелігіне қарамастан негізінде жаңа идеялар мен интерпритациялары бар тапсырмаларды орындайды	тестілеуге дайындық барысында Бағдарлама идеясында еш жаңалық жоқ деп айтады. Өзінің емтиханға дайындық барысындағы қиындықтарын немесе тестілеудің сәтсіздігін өз жас ерекшелігімен түсіндіреді

Бақылау нәтижесі

Әлеуметтік дағдылар	<i>дағдылар бар</i>	<i>дағдылар жоқ</i>
өздігінен және ынтымақтастықта жұмыс істей білу	тестілеуге дайындық барысында әріптестерімен ынтымақтастықта, ал тестілеу барысында дербес жұмыс жасайды	тестілеу кезінде өзіне сенімсіз болады, әріптестерінен сұрап алу мүмкіндіктерін қолданады
өзін-өзі ұйымдастыру, өзін-өзі реттеу, кез-келген жағдайға бейімделе білу қабілеті	оқытудың барлық кезеңдерінде тестілеуге дайындық уақытын ұтымды жоспарлайды, тестілеуді берілген уақыт шеңберінде аяқтайды (таймменеджмент дағдылары)	Тестілеуге уақыт болмады деп шағымданады. Берілген уақыт шеңберінде жауап парақшасына жауаптарын көшіріп үлгермейді.
шешім қабылдауға қабілеті, оның ішінде дәстүрлі емес шешімдер	тапсырма жауабы ол үшін айқын болмаған жағдайда, ішкі қосымша ресурстарды – жақын тақырыптардағы білімі мен логикасын пайдаланады	Білімі жетпейтін тапсырмаға тап болғанда сабырсыздық танытып, өзге әріптестерін мазалай бастайды
Аффективтік дағдылар	<i>дағдылар бар</i>	<i>дағдылар жоқ</i>
Эмоционалды тұрақтылық; сабырлық	тестілеуге дайындық және тестілеу кезінде сабырлық сақтайды	Сабырсыздық танытып сұрақ кітапшасынан жауап парақшасына жауаптарды көшіргенде қателеседі. Кейде артериалды қысымы көтеріліп, жүйке зақымданады.
Эмпатияға қабілетті	тестілеуге қатысу оқушыларды жақсырақ түсінуге көмектесетінін айтады	Тестілеуге кері көзқарас білдіреді, әріптестерім солай санайды дей отырып, кім екенін нақты айтпайды



Тестілеуге дайындалу және тестілеуге қатысу кезінде орын алатын когнитивті тұрғыда жиі кездесетін қиындықтар

- ▶ тестілеуге дайындық Бағдарлама идеясын терең түсінуге емес, Нұсқаулықтағы мәтінді механикалық есте сақтауға бағытталған
- ▶ "Мектептегі мұғалімнің көшбасшылығы" бағдарламасы бойынша білім алатын мұғалімдер "Педагогикалық қоғамдастықтағы мұғалім көшбасшылығы" және "Мектептегі мұғалімнің көшбасшылығы" сияқты Бағдарламалар мазмұнында жекелеген бөлімдеріне назар аудармайды (статистика растайды)
- ▶ жауабы айқын емес тапсырманы орындау барысында тапсырма мен дистракторды сыни түсінуге тырыспайды, логикалық тұрғыдан ойланбай (мысалы, артығын алып тастау әдісі арқылы), кездейсоқ таңдау әдісін қолданады.

Қорытынды

- Оқу нәтижелерін талдау арқылы педагог қызметкерлердің маңызды кәсіби сапасын объективті бағалауы оқыту мақсатына сай әрбір тест тапсырмасының мақсатын анықтағанда және мақсаттарға сай тест түрлері мен формалары таңдалғанда жүзеге асады.
- Тапсырмалар мазмұнында педагогикалық жағдайларды қолдану танымдық дағдыларды түсіну және теориялық білімін тәжірибеде қолдану деңгейін бағалауға мүмкіндік береді
- Тестілеу үдерісінде сыналатындардың мінез-құлқын бақылау жүйесін дайындап алу арқылы белгілі бір әлеуметтік және аффефективті дағдыларының болуы/болмауы туралы қорытындылар жасауға болады
- Бақылау нәтижелерін талдау мұғалімдер (өзін-өзі бағалау негізінде), тренерлер, эксперттердің кәсіби маңызды танымдық, әлеуметтік, аффефективтік дағдыларын дамытуға ықпал ететін іс-шараларды жоспарлауға негіз болуы мүмкін

Әдебиеттер тізімі

- ▶ Clarke M. Framework for building an effective assessment system. The World Bank, 2011.
- ▶ Test of teaching knowledge, ТТК <https://www.ets.org/>
- ▶ Аванесов В.С. Композиция тестовых заданий. – М.: Асс. инженеров-педагогов, 1996. – 192 с.
- ▶ Анастаси А. Урбина С. Психологическое тестирование, Питер, 2007 - 688 с.
- ▶ Барышникова Е.И. Оценка персонала методом ассесмент-центра. Лучшие НВ-стратегии. – М.: Манн, Иванов и Фербер, 2013. – 255 с.
- ▶ Звонников В. И. , Чельшкова М. Б. . Современные средства оценивания результатов обучения. Издательство: Академия (Academia), 2013 г. 304 с.
- ▶ Крокер Л., Алгина Дж. Введение в классическую и современную теорию тестов. М.: Логос, 2010 – 663 с.
- ▶ Психологические тесты для психологов, педагогов, кадровиков / сост. Н.Ф.Гребень. Минск: Современная школа, 2011. – 480 с.